



ШЕШІМ

30.11.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

106/14-VIII

№

город Астана

**Астана қаласының 2035 жылға
дейінгі Бас жоспарының жобасын
мақұлдау туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2 тармағына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасы мақұлданды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 30 қарашадағы
№ 106/14-VIII шешіміне
қосымша

Астана қаласын дамытудың 2035 жылға дейінгі жоспары (негізгі ережелерін қоса алғанда)

1-тарау. Жалпы ережелер

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) келешектегі кешенді дамудың, аумақты жоспарлы ұйымдастырудың, қаланың әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымы жүйесінің бағыттарын айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспары Жер, Экологиялық кодекстердің, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Астананың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарының және Қазақстан Республикасының қала құрылысын жобалау саласына қатысты басқа да заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспарда келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

- 1) бастапқы жыл – 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай;
- 2) құрылыстың бірінші кезегі – 2025 жыл;
- 3) есептік мерзім – 2035 жыл.

2-тарау. Бас жоспардың мақсаты

Бас жоспар Астана қаласының және Астана агломерациясының өзара байланыстылығы, Қазақстан Республикасы астанасының қызметтерін жүзеге асыруды ескере отырып әзірленді.

Бас жоспар келесілерді айқындайды:

1) табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды қоса алғанда, Астана қаласының (бұдан әрі – қала) аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

2) осы аймақтардың аумақтарын функционалдық аймақтарға болу және пайдалануды шектеу;

3) аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;

4) көлік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар, көше-жол желісінің бас схемасы;

4) көлік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар, көше-жол желісінің бас схемасы;

5) бас жоспар жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау

6) қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар.

Бас жоспар келесілерді әзірлеудің негізі болып табылады:

1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді бағдарламалары;

2) электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, нәсер кәрізін жүйесі және басқа да инженерлік жүйелерді дамытудың кешенді схемалары;

3) қаланың кешенді көлік схемасы (ККС);

4) бекітілген Бас жоспарды іске асыру бойынша қала аумағын түбегейлі жоспарлау және салу жобалары;

5) қысқа мерзімді кезеңдерге арналған кешенді құрылыс салу жоспарлары;

6) тұрғын үй, өндірістік және коммуналдық-қойма аумақтарын қайта құру және дамыту бағдарламалары;

7) тарихи құрылыс пен тарихи және мәдени мұра объектілерін сақтау және оңалту жоспарлары;

8) рекреациялық аймақтар аумақтарын дамыту және көгалдандыру бағдарламалары;

9) қоғамдық кеңістіктер мен көгалдандыруды дамытудың қала құрылысы схемалары;

10) Астана қаласын ықшам салудың және елорда аумақтарын жаңартудың кешенді жоспарлары;

11) қоғамдық кеңістіктерді кешенді абаттандыру және қайта құру жоспарлары;

12) қаланы салу ережелері.

3-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму

1-параграф. Демография

Қала аумағының әкімшілік шекаралары шегіндегі халық саны бастапқы жылы 1 184,4 мың адамды құрады.

Астана қаласы халқының келешектегі санының болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, жас қозғалысының әдістері, статистикалық экстраполяция және еңбек теңгерімі негізінде экономикалық-математикалық әдістерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық статикалық агенттігінің әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көпші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістерді ескере отырып орындалды.

Халықтың келешектегі саны әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық салаларындағы қызметке еңбекке қабілетті жастағы халықтың оңтайлы қосылуын ескере отырып, статистикалық экстраполяция әдісімен айқындалған.

Қала халқының жобалық саны:

1) құрылыстың бірінші кезегі (2025 ж.) – 1 480 мың адам;

2) есептік мерзім (2035 ж.) - 2 275 мың адамды құрайды.

Халықтың жалпы болжамды өсімі жобалау кезеңдері бойынша:

құрылыстың бірінші кезегі (4 жыл) – 295,6 мың адам;

есептік мерзім (10 жыл) – 795 мың адам құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы халық есептік мерзімінің соңына қарай қала халқының 66% құрайды.

2-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Қаланың тұрғын үй қоры қаланың барлық тұрғындарының орташа қамтамасыз етілуі бір тұрғынға шаққанда 21,1 м² құрауы жағдайында бастапқы жылы 24 996,2 мың м² құрайды.

Осы бас жоспардағы негізгі мақсаттардың бірі тұру ыңғайлылығындағы, атап айтқанда тұрғын үй қорымен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша диспропорцияны жою болып табылады. Бұл ретте есепті кезеңге арналған Бас жоспарда қалада тұрудың жайлылығын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй қорымен бір адамға 30 м² қамтамасыз ету көрсеткіші қабылданды және тұрудың осындай жайлылық деңгейіне қол жеткізу үшін тұрғын үй қорын **68 250 мың м²** дейін ұлғайту қажет. Бірінші кезеңге (2025 ж.) бір адамға тұрғын үй қорымен қамтамасыз етуді 26 м² дейін ұлғайту жоспарлануда, бұл ретте тұрғын үй қоры **37 200 мың м²** құрайды

2021 - 2035 жылдар кезеңінде жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі жалпы ауданы 43 580,8 мың м² құрайды, оның ішінде үй жанындағы учаскелері бар үйлерде – 1 044,3 мың м², көп пәтерлі көп қабатты үйлерде – 43 117,5 мың м². Тұрғын үй қорының шығуы 908 мың м² құрайды, оның ішінде 806 мың м² жеке учаскелері бар үйлер есебінен.

Қоғамдық қызмет көрсету саласы. Бас жоспарда мемлекеттік емес қызмет көрсету нысандарын дамытумен ұштастыра отырып, халықты әлеуметтік маңызы бар объектілердің тегін қызметтерімен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту көзделеді.

Бас жоспарда есептік мерзімге жалпы білім беретін мекемелердегі орындар санын 257,4 мың оқушы орнына немесе бұрыннан бар 94 341 орынға 164 мектепке немесе бастапқы жылға 100 мектепке ұлғайту көзделген.

Мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту үшін есептік мерзімге мектепке дейінгі мекемелердегі орындар санын 82,7 мың орынға ұлғайту көзделген, оның ішінде мемлекеттік және жеке үлгідегі жеке тұрған балабақшаларда 64,8.

Есептік мерзімге жайлы тұруды қамтамасыз ету үшін жалпы қуаты бір ауысымда 21,8 мың адам болатын амбулаториялық мекемелерді енгізу, сондай-ақ халықтың болжамды санын ескере отырып, төсек-орынның ауруханалық қорын 4265 бірлікке ұлғайту қажет.

Бірінші кезеңге денсаулық сақтау мекемесінің 32 объектісін салу ұсынылады, оның ішінде 9 – аурухана, 17 амбулаториялық емхана, 6 басқа

объект, есептік мерзімге 61 денсаулық сақтау объектісі, оның ішінде 3 аурухана, 52 емхана және өзге 6 объект.

3-параграф. Экономикалық қызмет

Елордалық қалаларды, оның ішінде «жаңа (жобаланған) астаналар» деп аталатындарды стратегиялық позициялау тәжірибесін талдау стратегиялық позициялаудың негізгі бағыттарының бірі «шенеуніктер қалалары» сияқты қалалар туралы идеямен байланысты функционалдық және беделді бұрмалануды еңсеру болып табылатынын көрсетеді. Бас жоспарда қала экономикасының мынадай басым бағыттары айқындалған:

Осы үдеріс аясында қалалар үшін негізгі міндет қояды:

- қаланы Қазақстан Республикасының астанасы, «сыртта» қаланың ашылуына байланысты жаһандық орталық ретінде көрсету;
- қаланың «ішке» ашылуына байланысты қала тұрғындары, оның ішінде елеуетті мигранттар үшін тартымды, жайлы инклюзивті «өмір сүруге арналған қалаға» айналуы;
- экономика және жұмыспен қамту құрылымын әртараптандыру.

4-параграф. Қаланы ғылыми-инновациялық орталық ретінде дамыту

Шығармашылық салалар. IT-сектор. Астана қаласы бүгінгі күні IT-секторды дамыту үшін айтарлықтай әлеует жинақтап үлгерді және Орталық Азияның IT-астанасы рөліне үміткер қалалардың бірі ретінде орналасуы әбден мүмкін. Бұл бірнеше факторларға байланысты:

- қалада қазақстандық IT-Чемпиондар компанияларының жартысы орналасқан;
- қалада IT-университет ашылды;
- Астанада Орталық Азиядағы IT-стартаптардың ірі халықаралық технопаркі – Астана Хаб жұмыс істейді;

Халықаралық ғылыми кешен өзегі бола алатын ғылыми кластерді қалыптастыру отандық ғылымның дамуын жеделдете алады. Назарбаев Университетінің оң тәжірибесі үздік шетелдік ғалымдарды тарта отырып, халықаралық деңгейдегі ғылыми-білім беру мекемелерін ұйымдастыру мүмкіндігін көрсетеді.

5-параграф. Қаланың өнеркәсіп аймақтарын жаңғырту

Экономикашы әртараптандыру және қалада еңбек қолдану орындарын құру мақсатында қолданыстағы өнеркәсіптік аймақ, индустриялық аймақтар шегінде өнеркәсіпті дамыту көзделген. Қалада іске асырылатын негізгі бағыттар – металлургия (аффинаж зауыты), астананың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тамақ өнеркәсібі, машина жасау, сондай-ақ тұрғын үй, азаматтық және өнеркәсіптік құрылысқа арналған материалдар өндірісі.

4-тарау. Қала құрылысын дамыту

Сәулет-қала құрылысы аспектілері. Жаңа бас жоспарда бұрын бекітілген Бас жоспардың негізгі қағидалары сақталған: экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік-ыңғайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған қала құрылысы іс-шаралары кешенінің негізі болып табылатын полицентрлік, ықшамдылық, теңгерімділік.

Елорданы дамытудың проблемалық мәселелері бойынша тұжырымдамалық жобалық шешімдер ұсынылды: халық санының қарқынды өсуі, аумақтардың функционалдық мақсатын өзектендіру, құрылыс тығыздығын арттыру, көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды теңгерімді дамыту.

Бас жоспардың негізгі сәулеттік-қала құрылысы идеясы Еуразия континенті елдерінің ынтымақтастығы мен өзара іс-қимылы орталықтарының бірі, өмір сүруге қолайлы қала ретінде Астана қаласының мәнерлі бейнесін қалыптастыру болып табылады.

Жоспарлау шешімі жергілікті жағдайлар кешенін (климаттық, табиғи, ұлттық және т.б.) ескере отырып қабылданды. Қала аумағын сәулеттік-жоспарлық ұйымдастыру қаланың қалыптасқан функционалдық-жоспарлау құрылымын ескере отырып орындалды және аумақты және қалыптасқан көлік-жоспарлау қаңқасын кешенді бағалау негізінде әзірленді.

Астананың қалалық жоспарлау құрылымының басты орталық элементі маңызды табиғи фактор – қаланы оң жағалау мен сол жағалау бөліктеріне бөлетін Есіл өзені болып табылады. Есіл өзені – қаланың дамуына бағыт беретін және өмір ағымын бейнелейтін табиғи жасыл және су осі. Өзенге параллель дерлік солтүстікте өнеркәсіптік аймақты негізгі қала құрылысынан бөлетін Батыс Еуропа-Оңтүстік-Шығыс Азия маңызды теміржол магистралі өтеді. Қаланың тарихи орталығы осы екі негізгі артерия арасында дамыды. Сондықтан қала аумағының өсуі оңтүстік бағытта - сол жағалау бөлігін игеру бойынша жүреді.

Қаланың келешектегі жоспарлау құрылымын қалыптастырудың негізі табиғи-экологиялық және көлік қаңқасы болып табылады. Табиғи-экологиялық қаңқаны Есіл өзенінің алқабы, оның салалары: Ақбұлақ, Сарыбұлақ, «Жасыл Аймақ» және «Астана-Орман» екпелері, жұмыс істеп тұрған орман саябақтары, қалалық саябақтар, гүлбақтар, желекжолдар құрайды. Астана қаласының қоныстану аумағының ішкі жоспарлау құрылымы негізінен халыққа мәдени тұрмыстық қызмет көрсетуді үздік ұйымдастыру талаптарымен және қалалық қозғалыс талаптарымен айқындалады. Қаланың жоспарлау шешімі айналма жүйенің дамуына байланысты.

Қаланың тұрғын аудандары мен орамдары аумақты тұрғын және магистральдық көшелер желісімен бөлу нәтижесінде құрылады. Аудандарда балабақшалар, мектептер, дене шынықтыру алаңдары, сауда-ойын-сауық орталықтары, аудандық саябақтар, емханалар, ірі азық-түлік және азық-түлік емес дүкендер, моншалар және т. б. сияқты халыққа қызмет көрсету үшін күнделікті пайдаланылатын мекемелер мен объектілер жобаланады.

Астана қаласын елдің ең ірі әкімшілік-саяси, ғылыми және мәдени орталығы ретінде дамытудың бас жоспарының қала құрылысы аспектісінде мынадай негізгі ережелер мен шешімдер ескерілді:

Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерді ескере отырып, қала аумағын орнықты даму бағытында дамыту;

Өмір сүруге, жұмыс істеуге, демалуға және көңіл көтеруге арналған кеңістіктер құруды ескере отырып, қоғамдық кеңістіктер мен көгалдандыруды тұжырымдамасын әзірлеу;

Жаңа жұмыс орындарын құру және инвестициялар тарту арқылы қаланың экономикалық әлеуетін дамыту;

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі және мәдени өмірді дамыту арқылы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру;

Цифрлық технологиялар, зияткерлік басқару жүйелері және смарт технологиялар сияқты заманауи технологияларды дамыту;

Қаланы функционалды аймақтарға бөлу: тұрғын үй, өнеркәсіптік, коммерциялық, мәдени және т. б. әр аймақтың өзіндік мақсаты және тиісті инфрақұрылымдық объектілері бар;

Қаланың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау және қорғау;

Көлік инфрақұрылымын дамыту: жаңа магистральдар салу, жол желісін кеңейту, жаяу жүргіншілер аймақтарын құру, жаңа көпірлер салу;

Экологиялық таза қалалық ортаны құру;

Тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту: тұрғын үй салу, халықтың жайлы тұрғын үйге деген қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс жаңа шағын аудандар, орамдар мен тұрғын үй кешендерін құру;

Бизнес үшін инфрақұрылым құру: бизнесті дамыту және инвестициялар тарту үшін жағдай жасау;

Қоғамдық инфрақұрылымды дамыту: мектептер, балабақшалар, ауруханалар, спорт кешендері және т. б. сияқты әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа объектілерін құру, жаңа мәдени объектілерді құру: театрлар, көрме залдары, кітапханалар және т. б.; жаңа спорт объектілерін құру;

Туризмді дамыту: Астана қаласының бас жоспары туристік инфрақұрылым құруды және туристерді қалаға тартуды көздейді.

Қаланы жобалаудың маңызды факторы тұрғындар мен туристер үшін ыңғайлы қалалық ортаны, қала тұрғындарына ыңғайлы көлік жүйесін құру болды. Ол үшін көлік пен жаяу жүргіншілерді болу, жаяу жүргіншілер аймақтары мен велосипед жолдарын құру, демалыс және мәдени іс-шаралар кеңістігін құру сияқты заманауи қала құрылысы тұжырымдамалары қолданылды.

Қаланың жоспарлау құрылымы 5 жоспарлау аудандарымен ұсынылған, олардың шекаралары әкімшілік аудандардың шекараларымен сәйкес келеді. Бұл елорданы аумақтық дамытудың жедел басқару үшін қолайлы. Бұдан әрі қала 148 жоспарлау секторына бөлінген, оның әрқайсысында қоғамдық орталықтарды құру жоспарланған.

Оларда орналасқан аудан орталықтары бар аудандарға бөлінетін қалада аудан орталықтарын іскерлік орталықпен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен, саябақтармен, стадиондармен, вокзалдармен байланыстыратын қосымша магистральдық көшелер пайда болады.

Көшепді қоғамдық орталықтардың жоспарлау құрамы қала құрылысы профилімен және қаланың көлемімен, жергілікті табиғи жағдайлармен және қалыптасқан жоспарлау жағдайымен анықталады.

Жоспарлау орталықтарын дамыту қала тұрғындарын бастапқы қызмет көрсету объектілерімен қамтамасыз етумен, көліктік қайта отыру тораптарын дамытумен, саябақ аймақтары, сауда орталықтары мен спорт объектілері бар қоғамдық кеңістіктерді дамытумен және үйлесімді, жайлы орта құрумен теңестірілетін болады.

Жоспарлау секторының қағидалары:

– жалпы білім беретін мектептердің, бақтардың жаяу жүргіншілерге қолжетімділігі, балалардың көлік қозғалысы қарқынды жалпықалалық магистральдарды кесіп өтуіне жол бермеу;

– қала тұрғындарын (оның ішінде балаларды, қарттарды және халықтың аз қозғалатын топтарын) жаяу жүргіншілерге қауіпсіз қолжетімділік радиусында қызмет көрсету мекемелерімен қамтамасыз ету. Негізінде, бұл бәріне таныс, бірақ іріленген және қазіргі өмір сүру жағдайларына бейімделген ықшам аудандар.

Бұл іс-шаралар қаланы барлық жоспарлау секторларында тұруға қолайлы етуге мүмкіндік береді.

1-кесте

№ п/п	Жоспарлау аудандарының атауы	Жоспарлау ауданының аумағы (га)	Жоспарлау секторларын ың саны
1	Шығыс аудан	15 471	51
2	Оңтүстік аудан	20 022	27
3	Батыс аудан	19 336	28
4	Солтүстік-батыс ауданы	6 775	23
5	Солтүстік аудан	18 129	19
	Жиыны:	79 733	148

Бас жоспармен жоспарлау аудандарының келесі орталықтары ескеріледі:

1. Шығыс жоспарлау ауданы - «Алматы» ауданы Есіл және Ақбұлақ өзендерінің түйіскен жерінен, 1-5 нөсерлі кәріз жүйесінің тазарту құрылыстары ауданында, Ақбұлақ өзені бойымен солтүстік-шығысқа қарай Сауда және А184 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстікке қарай Сауда көшесімен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылымен Ақбұлақ өзеніне дейін, Ақбұлақ өзенімен солтүстік-шығысқа қарай қолданыстағы қала шекарасына дейін, қаланың шығыс шекарасымен Есіл өзеніне дейін, Есіл өзенімен Ақбұлақ өзенімен түйіскенге дейін.

2. Оңтүстік жоспарлау ауданы - «Есіл» ауданы Қабанбай батыр даңғылынан Есіл өзені бойымен қаланың шығыс шекарасына дейін, одан әрі қала шекарасы бойынша оңтүстік-шығысқа қарай Қарқаралы тас жолына дейін, одан әрі Қарқаралы тас жолының шығыс жағымен және Қабанбай батыр даңғылының жұп жағымен Есіл өзеніне дейін. Аудан шекарасына Ұлттық пантеон аумағы кіреді. Ұлттық пантеон Астана қаласынан 17 км қашықтықта орналасқан, ол Қабанбай батыр кесенесінің айналасында, батырдың есімімен аталатын ауылдың жанында тұрғызылған

3. Батыс жоспарлау ауданы - «Нұра» ауданы, қаланың батыс бөлігіндегі Есіл өзені бойымен шығысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін, одан әрі Қабанбай батыр даңғылының тақ жағымен және Қарқаралы тас жолының батыс жағымен қаланың оңтүстік шекарасына дейін.

4. Солтүстік-батыс жоспарлау ауданы - «Сарыарқа» ауданы, қаланың батыс шекарасынан темір жол бойымен Алаш тас жолына дейін, Бөгенбай батыр даңғылының тақ жағымен Республика даңғылына дейін, одан әрі оңтүстікке қарай Республика даңғылының тақ жағымен А. Бараев көшесіне дейін, А. Бараев көшесімен Есіл өзеніне дейін, Есіл өзенінің оң жақ тармағымен батысқа дейін қала шекаралары.

5. Солтүстік жоспарлау ауданы – «Байқоңыр» ауданы, Астана-Қостанай бағытындағы темір жолдан қаланың қолданыстағы шекарасы бойынша солтүстікке қарай Ақбұлақ өзеніне дейін, Ақбұлақ өзенінің бойымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп жағымен Сауда көшесіне дейін, Сауда көшесі бойымен А184 көшесіне дейін, одан әрі Ақбұлақ өзені бойымен Есіл және Ақбұлақ өзендерінің түйіскен жеріне дейін, Есіл өзенімен Қараөткел көпіріне дейін, А. Бараев көшесімен Республика даңғылына дейін, Республика даңғылының жұп жағымен Бөгенбай батыр даңғылына дейін, Бөгенбай батыр даңғылы мен Алаш тас жолының бойымен темір жолға дейін, темір жолмен қаланың батыс шекарасына дейін. Аудан шекарасына қалалық зират аумағы кіреді.

Қалалық аумақтарды қала құрылыстық аймақтарға бөлу регламенттерді белгілеу арқылы жүргізілетін қалалық аумақтарды реттелген өзара байланысты пайдалана отырып, толыққанды қолайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған.

Астана қаласының аумағын дамытудың Бас жоспарының қала құрылысын аймақтарға бөлу материалдары:

– түбегейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуге арналған бастапқы-рұқсат беру және қала құрылысы құжаттамасының құрамында аумақты көпөшептегі пайдаланудың тиісті көрсеткіштерін енгізу;

– аумақты қолданыстағы пайдалану тиімділігін бағалау;

– жер және мүліктік қатынастарды белгілеу кезінде аумақты пайдаланудың тиісті көрсеткіштерін қосу және есепке алу;

– Астана қаласының тұрғындарын және қала құрылысы қызметінің басқа да қатысушыларын (инвесторлар, құрылыс салушылар, кәсіпкерлер және т. б.) аумақтың қала құрылысын дамыту келешегі туралы хабардар ету;

– қала құрылысы аймақтарының шекарасындағы барлық объектілер мен аумақтар бойынша сараптама жүргізу, жобалық және рұқсат беру құжаттамасын келісу және бекіту үшін пайдаланылады.

Аумақтың функционалдық мақсаты қаланың әрбір жоспарлау бірлігі үшін белгілі бір қызмет түрлерін (тұрғын аймақ, әлеуметтік аймақ, коммерциялық аймақ, өзге аймақ) белгілейді.

Аумақтың құрылыс мақсаты әрбір жоспарлау бірлігінің салынған бөлігі үшін құрылыстың шекті параметрлерін белгілейді. (құрылыстың ең жоғарғы және ең төменгі биіктігі, құрылыстың шекті тығыздығы, қызыл сызықтардан шегіну және т.б.).

Қала құрылысы жоспары аумақтық аймақтың орналасуы мен даму ерекшеліктерін, сондай-ақ жер учаскелерін пайдаланудың алуан түрлерін (тұрғын үй, қоғамдық-іскерлік, өндірістік, рекреациялық және жер учаскелерін пайдаланудың өзге де түрлерін) аумақтық ұштастыру мүмкіндігін ескере отырып, әрбір аумақтық аймақ үшін жерді пайдалану және құрылыс салу қағидаларын жеке белгілейді.

Жобамен келесі функционалды аймақтар анықталды:

Тұрғын аудандар: Олар халықтың тұрақты тұруына арналған және осы мақсатта көп пәтерлі және жеке тұрғын үйлермен құрылысқа жатады. Тұрғын үйлерде қосалқы қызмет ретінде халыққа әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетудің жеке тұрған, қосарлас және жапсарлас салынған объектілерін, негізінен санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыруды талап етпейтін қосалқы ғимараттар, автотұрақтар, өнеркәсіптік және коммуналдық қоймалар түрінде орналастыруға жол беріледі.

Өнеркәсіптік аймақ: өнеркәсіптік аймақ өндірістік аймақтарды және ағынды суларды тазарту қондырғысы мен ағынды суларды тұндырғышы бар коммуналдық аймақты қамтиды. Сонымен қатар, өнеркәсіптік аймақты жылу және электр энергиясын өндіру объектілері, газ, су жеткізушілер, темір жолдардың жылжымалы құрамын жөндеу, орталық жылыту радиаторлары мен қазандықтарын жөндеу объектілері, генераторлар, трансформаторлар, электр энергиясын тарату және басқару жабдықтары, медициналық жабдықтар, құрылыс материалдарын өндіру, тамақ өнеркәсібі және т. б. сияқты қаланың негізгі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары құрайды.

Санитариялық-қорғаныш аймақтары: бұл өнеркәсіптік және тұрғын аудандар арасындағы жасыл қорғаныс аймақтары. Бас жоспар өндірістік объектілер мен жоспарлау аумақтарының тұрғын аудандары арасында санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыруды көздейді, бұл ретте санитариялық-қорғаныш аймағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қауіптілік сыныбын нақты айқындай отырып қалыптастырылатын болады.

Демалыс аймағы: оларға қалалық ормандар, орман саябақтары, орманды қорғау аймақтары, су айдындары, ауылшаруашылық алқаптары және басқа да жерлер кіреді, олар тұрғын ауданда орналасқан саябақтармен, бақтармен, алаңдармен және желекжолдармен бірге ашық кеңістіктер жүйесін құрайды. Астана қаласының аумағын ландшафттық-рекреациялық ұйымдастыру қалалық ортаның барлық жасыл бөліктерін теңгерімді

дамытудан, елорда тұрғындары үшін қолайлы табиғи және экологиялық жағдайларды қамтамасыз етуден тұрады.

Арнайы аймақ: зираттарды, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарын, тазарту қондырғыларын және басқа да осындай құрылымдарды орналастыруға арналған.

Резервтік аумақтар: Астана қаласын келешекте дамыту үшін осы аумақтар қаланың тұрғын аймағын одан әрі дамыту үшін пайдаланылатын жерлер болып табылады.

Қолжетімділігі шектеулі аймақтар: бұл әскери ведомстволар мен әскери бөлімдердің арнайы аумақтары. Оларда тұрғын үйлер, соның ішінде казармалар немесе түзеу мекемелері, сондай-ақ коммуналдық шаруашылық, өнеркәсіп және басқа да әскери объектілер орналасқан.

Қоғамдық орындар: Денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, байланыс, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, коммерциялық қызмет объектілерін, сондай-ақ орта кәсіптік және жоғары білім беру мекемелерін, ғылыми-зерттеу, әкімшілік мекемелерді, ғибадат орындарын, іскерлік, қаржылық және қоғамдық қызмет орталықтарын, автотұрақтар мен басқа да жалпықалалық маңызы бар ғимараттар мен құрылыстарды басым орналастыруға арналған.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары: темір жол, автомобиль, өзен, әуе және құбыр көлігінің құрылыстары мен қатынастары, коммуникацияларды, электрмен және жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру, газбен жабдықтау және инженерлік жабдықтарды орналастыруға және пайдалануға арналған. Оларға инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары: автомобиль көлігі объектілері; су көлігі объектілері; сыртқы көлік объектілері жатады; инженерлік инфрақұрылым объектілері (құбыржол көлігі, байланыс, хабар тарату, теледидар, ақпараттық технологиялар және энергетика) жатады.

Астана қаласын қалалық аймақтарға бөлу – бұл аумақтарды функционалдық пайдалануға (функционалдық аймақтарға бөлу), девелопментке (құрылыс аймақтарға бөлу), ландшафтты ұйымдастыруға (ландшафттық аймақтарға бөлу) және экологиялық қауіпсіздікке (экологиялық аймақтарға бөлу) міндетті талаптарды белгілеу. Бас жоспар жобасымен шекаралары астананың 5 әкімшілік ауданымен және 148 жоспарлау секторымен сәйкес келетін 5 жоспарлау ауданы белгіленді.

Қаланың қоныстану аумағы 2035 жылға қарай 25,9 мың га құрайды. Өнеркәсіптік аумақтар темір жолдың солтүстігінде тарихи қалыптасқан аумақтарда қалады. Қолданыстағы өнеркәсіптік кәсіпорындар негізінен кеңейіп шектеулі қалыптасқан өнеркәсіптік аймақтар шегінде дамитып болады. Жаңа кәсіпорындар жаңа өнеркәсіптік алаңдарда (ауданы 600 га №1 индустриялық парк, ауданы 433 га №2 индустриялық парк және ауданы 80 га Логистикалық орталық) орналасатын болады. Өнеркәсіп аймағының ауданы 2035 жылға қарай 9,0 мың га құрайды. Қаланың қалған аумағын Қазақстанның барлық аумағынан жеке флорасы мен фаунасы бар және саябақтармен, Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендерінің және Нұра-Есіл каналының жағалауларымен

бірге қаланың кез-келген аумағынан жаяу жүргіншілерге қолжетімділік шегінде орналасқан бірыңғай табиғи-ландшафтық кешенді құрайтын «Жасыл сквеплер» құрайды. Көгалдандыру аумағы 1 адамға шаққанда 18,7 шаршы м. есеппен 2035 жылға дейін 42,7 мың га құрайды

5-тарау. Көлік инфрақұрылымы

Көлік инфрақұрылымы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің болжамды өсуі, халықтың ұтқырлығы, жолаушылар және жүк тасымалы көлемдерінің өзгеруі, көліктің жаңа баламалы түрлерін жанжалсыз енгізу, экологиялық талаптарды қатаңдату жағдайында қала аумақтарының жайлы қолжетімділігін, қала ішіндегі, қала маңындағы және сыртқы көлік байланыстарының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл міндеттер қозғалыстың моторланбаған тәсілдерінің (жаяу және велосипед қозғалысы), қоғамдық және жеке көліктің, қалалық, қала маңындағы және сыртқы көлік жүйелерінің өзара іс-қимылы мен толықтырылуын қамтамасыз ететін қаланың бірыңғай көлік жүйесін дамытуды, сондай-ақ тұтынушыларға көліктік қызмет көрсету түрлерін баламалы таңдауға мүмкіндік беруді талап етеді.

Астананың көлік жүйесін одан әрі жетілдірудің негізгі аспектілеріне мыналар жатады:

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру.
2. Көліктің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту.
3. Ақпараттық технологиялардың әлеуетін пайдалану.
4. Жоспарланған қоныстануға, еңбек қосымшасы орындарын орналастыруға және халықтың болжамды ұтқырлығына сәйкес Астананың көлік желілерін одан әрі дамыту қажеттілігі.

Қалалық көлік инфрақұрылымының әлеуетін ұлғайту қоғамдық жолаушылар көлігін дамытудың басымдығын белгілеу және оның жолаушылар тасымалдарының жалпы көлеміндегі үлесін арттыру кезінде халықтың жүріп-тұруына кететін уақытты барынша азайту қажеттігі ескеріле отырып орындалатын болады. Бұл ретте мыналар жалғасады:

- Астана қаласының бас жоспарында белгіленген бағыттарда қаланың көше-жол желісінің қаңқасын кезең-кезеңімен қалыптастыру;
- көлік-қайта отыру тораптары жүйесін дамыту
- қалалық қоғамдық жолаушылар көлігін дамыту
- жеке көлікті иелену және пайдалану деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін жеңіл көлікті және жеке ұтқырлық құралдарын жалға беру жөніндегі қызметтер саласын дамыту;
- халықтың аз қозғалатын топтары мен мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін тұтас және қауіпсіз қозғалыс желісін құру, сондай-ақ жаяу жүргіншілердің жайлы және қауіпсіз қозғалысы үшін көше кеңістіктері мен аула аумақтарын жайластыру.

Қаланың орталық бөлігінде көлік басымдықтарының иерархиясы негіз ретінде қабылданады: жаяу жүргіншілер мен велосипед қатынастары үшін қолайлы жағдайлар, қоғамдық жолаушылар көлігінің басым дамуы,

қозғалатын автомобиль және соңғы орында тұрақта тұрған автомобиль. Астана қаласының көлік жүйесін дамытудың негізгі көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте Астананың көлік инфрақұрылымы объектілерінің кезеңмен дамуының жиынтық көрсеткіштері

№ п/п	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірл.	Кезеңдер бойынша көрсеткіштердің шамасы			
			01.01.21ж.жағд. бойынша	2025 ЖЫЛ	2035 ЖЫЛ	2050 ЖЫЛ
Көше-жол желісі						
1.	Көше мен жолдардың жалпы ұзындығы, с.і. өтпелерді ескерусіз	км км	1582,7 1064,3	1918,2 1382,7	2586,8 1980,4	н/д 2524,0
	1.1 МАГИСТРАЛДЫҚ барлығы, соның ішінде:	км	505,8	618,5	830,8	1004,7
	1.2 ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР барлығы, с.і.:	км	1076,9	1303,6	1759,1	1509,6
2.	Көше-жол желісінің тығыздығы, с.і.:	км/км ²	3,7	4,4	5,2	5,4
	- магистралдық	км/км ²	1,8	2,0	2,2	2,2
Жасанды құрылыстар						
3.	3.1 КӨЛІКТІК, с.і.:	ед.	95	101	137	200
	- темір жол өтпелері, с.і. жаңа құрылыс	бірл.	3	3 0	5 2	5 0
	- автомобильдердің түрлі деңгейдегі көлік жол айырықтары, с.і. жаңа құрылыс	бірл.	21	23 2	39 16	87 48
	- көлік эстакадалары, тоннельдер с.і. жаңа құрылыс	бірл.	3	3 0	6 3	6 0
	- темір жолмен қиылысатын автомобиль өтпелері,	бірл.	8	8 0	12 4	16 4

	- с.і. жаңа құрылыс					
	- су бөгеттері арқылы автомобиль өтпезолдары, - с.і. жаңа құрылыс	бірл.	51+4 ²	55+4 ² 4	64+4 ² 9	75+4 ² 11
	3.2 ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР, с.і.:	бірл.	24	н/д	н/д	н/д
	- көшеден тыс жаяу жүргіншілер өтпезолдары	бірл.	13	13	52	64
	- су бөгеттері арқылы жаяу жүргіншілер өтпезолдары	бірл.	11	н/д	н/д	н/д
Темір жол көлігі						
4.	Қала ішіндегі қатынастағы желінің ұзындығы	км	14,4	14,4	14,4	14,4
5.	Қала ішіндегі қатынастағы станция саны (аялдама пункттері)	бірл.	2	2	6	6
Әуе көлігі						
6.	Әуежай	бірл.	1	1	1	1
Автомобиль көлігі						
7.	Барлығы автомобиль саны, с.і.	мың бірл.	303,6	347,2	583,9	1175,2
	- азаматтарға тиесілі	мың бірл.	268,0	305,6	513,9	1034,2
8.	Автомобильдену деңгейі жалпы	авт./мың тұрғ.	256	235	260	350
	Автомобильдену деңгейі жалпы	//	226	210	230	310
Қоғамдық жолаушылар көлігі						
9.	ҚЖК түрлері бойынша желілердің ұзындығы:					
	- ЖРК	км	-	21,8	30,8	35,2
	- темір жол	км	14,4	14,4	14,4	14,4
	- трамвай	км	-	-	52,7	88,5

	- пневмодөңгелекті жерүсті	км	464,0	593,1	773,0	н/д
	- суда жүретін көлік	км	6,0	19,5	19,5	н/д
10.	Желінің тығыздығы	км/км ²	1,7	2,1	2,3	н/д
11.	Жылжымалы құрам, с.і.:	бірл.	1078	1183	1759	2342
	- ЖРК	бірл.	-	5	16 ⁵	24 ⁵
	- трамвай	бірл.	-	-	65 ⁶	140 ⁶
	- пневмодөңгелекті жерүсті	бірл.	1078	1178	1678	2178
12.	Ұсынылған сыйымдылық, с.і.	мың орын	102,085	115,25	190,4	265,6
	- ЖРК	мың орын	-	3,25	10,4	15,6
	- жерүсті	мың орын	102,085	112,0	180,0	250,0
13.	Көлік саябақтары, с.і.	бірл.	6	8	11	13
	- ЖРК	бірл.	-	1	1	1
	- трамвай	бірл.	-	-	1	1
	- пневмодөңгелекті жерүсті	бірл.	6	7	9	11
14.	Автовокзалдар / автостанциялар	бірл.	1	3	6	н/д
15.	Өзен вокзалдары	бірл.	1	1	2	н/д
Жеке ұтқырлық құралдары *						
16.	Желі ұзындығы	км	108,8	186,4	755,8	н/д

2-кестеге ескертулер:

1. 8 өтпезолдан тұратын өзен арқылы 4 темір жол өтпесі.
2. 49 көпір және 4 жер үймесі кіреді.
3. Елді мекеннің бас жоспары кезеңінде ұзындығы нақтыланбайтын немесе шартты болатын өтпелерді ескерусіз.
4. Өтпезолдардың ұзындығы 2025 жылға арналған өтпезолдар желісінің тығыздығына – 1,7 км/км², 2035 жылға - 1,6 км/км² негізделіп қабылданған.
5. ЖРК желілеріндегі жылжымалы құрамның сыйымдылығы – 650 жолаушы.
6. Трамвай желілерінде жылжымалы құрамның сыйымдылығы 350 жолаушы болып қабылданды (3-сскциялы).
7. Жеке жинақтылық құралдары – велосипедтер, самокаттар, модеп пен басқалары.

6-тарау. Инженерлік инфрақұрылым

